

FTAMP 16.21.47

<https://doi.org/10.26577/EJPh202520043>

**Ж.Е. Есполова^{1*}, М.Ә. Жүніс²,
Б.Р. Есимсейтов³, А. Жартыбаев⁴**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

⁴«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан

*e-mail: zhanee@mail.ru

МЕДИЦИНА ТЕРМИНЖҮЙЕСІНДЕГІ СҮЙЕК-БУЫН АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

Бұл мақала медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының қазақылануы барысында қалыптасатын сөзжасамдық модельдерді құрылымдық және уәждемелік тұрғыдан жүйелеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі медицина саласының халықаралық стандартталған терминологиялық қабаты мен ұлттық тілдік норма талаптарының тоғысында туындайтын біріздендіру, кодификациялау және лексикографиялау мәселелерімен айқындалады. Материалдық база ретінде сүйек-буын жүйесіне қатысты атаулардың халықаралық жіктемелерде берілген үлгілері, Қазақстандағы ресми бекітілген терминдік нұсқалар, терминологиялық сөздіктер және нақты тілдік қолданыстағы деректер кешені салыстырмалы түрде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – сүйек-буын ұғымдарын білдіретін қазақыландырылған терминдердің жасалу жолдарын айқындап, оларды сөзжасамдық модельдер бойынша типологиялау және модельдердің өнімділік сипатын көрсету. Талдау нәтижесінде сүйек-буын атауларын қалыптастыруда аналитикалық модельдердің (анықтауыш + анықталушы, сандық-иерархиялық және локативтік құрылымдар) басымдығы байқалады; калькалық үлгілер халықаралық компоненттік қаңқаны сақтай отырып терминнің трансшекаралық танымалдылығын қамтамасыз етеді; синтетикалық тәсілдердің үлесі салыстырмалы түрде шектеулі; ал гибрид құрылымдар ұлттық терминқордың өтпелі кезеңін сипаттайтын құбылыс ретінде көрінеді. Сонымен бірге нормативтік дереккөздер мен клиникалық / оқулық қолданысы арасында варианттылықтың бар екені анықталып, оны реттеу үшін сөзжасамдық модельге сүйенген біріздендірудің қажеттілігі негізделеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі медициналық терминдерді стандарттау, салалық сөздіктерді толықтыру және электронды терминқорды жүйелеу жұмыстарына қолданбалы негіз бола алады.

Түйін сөздер: ұлттық терминология, медицина терминжүйесі, қазақыландыру үдерістері, сөзжасамдық модельдер, сүйек-буын атаулары.

Zh.E. Yespolova^{1*}, M.A. Zhunis², B.R. Yessimseitov³, A. Zhartybayev⁴

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³«Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan

⁴«Bolashaq» Academy, Karaganda, Kazakhstan

*e-mail: zhanee@mail.ru

Word-formation Models of Bone and Joint Names in the Medical Terminological System

This article investigates the word-formation models underlying Kazakhized bone-and-joint terms within the medical terminological system. The study is motivated by a persistent tension between, on the one hand, medicine as a domain characterized by internationally standardized classifications and nomenclatures, and, on the other, the need for national-language adaptation that secures conceptual precision, linguocultural coherence, and stable usage across educational and clinical communication. The material is drawn from a multi-layered set of sources, including internationally codified bone-and-joint designations, officially approved national terminological variants, lexicographic records in Kazakh medical dictionaries, and evidence from real usage in teaching materials and clinical texts. The main aim is to identify formation patterns of Kazakhized terms related to the musculoskeletal system and to systematize them through a structural typology of word-formation models. The analysis demonstrates that analytic patterns are highly productive: multi-component constructions (modifier + head), as well

medical exactness by encoding anatomical relations directly in the term. Calque-based formations contribute to cross-border recognizability by preserving the semantic-structural “skeleton” of international terms, yet they may generate challenges for linguistic naturalness and internal standardization. Synthetic (affixational) formations appear comparatively limited in this segment, whereas hybrid structures combining international components with Kazakh morphological or lexical elements reveal the transitional nature of current Kazakhization practices. The article also highlights discrepancies between normative sources and actual usage, resulting in parallel variants. The findings can support applied tasks of codification, lexicography, standardizing educational and clinical documentation, and enriching digital terminological resources.

Keywords: national terminology, medical terminological system, Kazakhization processes, word-formation models, bone and joint terms.

Ж.Е. Есполова^{1*}, М.А. Жунис², Б.Р. Есимсейтов³, А. Жартыбаев⁴

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

³Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан

⁴Академия «Bolashaq», Караганды, Казахстан

*e-mail: zhanee@mail.ru

Словообразовательные модели костно-суставных наименований в медицинской терминологической системе

Статья посвящена структурно-модельному анализу словообразовательных механизмов, формирующих казахизированные наименования костно-суставной системы в составе медицинской терминологии. Актуальность исследования обусловлена тем, что медицина как область с высокой степенью международной стандартизации (классификации, номенклатуры, унифицированные обозначения) одновременно нуждается в адаптации терминов к нормам национального языка, обеспечивающей точность понятия, лингвокультурную соотнесённость и устойчивость употребления в междисциплинарной коммуникации. Материал исследования составляют данные международных классификационных источников по костно-суставной тематике, официально утверждённые терминологические варианты, лексикографические фиксации в медицинских словарях и сведения реального употребления в учебно-методических и клинических текстах. Цель работы – выявить основные способы образования казахизированных терминов, обозначающих кости, суставы и связанные анатомические структуры, и представить их в виде типологии словообразовательных моделей. В ходе анализа устанавливается продуктивность аналитических моделей, основанных на сочетании нескольких компонентов (определяющий компонент + базовое наименование, числовая и локативная спецификация), что обеспечивает высокую информативность и диагностическую точность обозначений. Калькирование рассматривается как механизм сохранения международно узнаваемой смысло-структурной схемы, однако отмечаются зоны напряжения с точки зрения языковой естественности и унификации. Синтетические (аффиксальные) модели в данном сегменте терминологии проявляют ограниченную активность, тогда как гибридные конструкции (международный компонент + казахский элемент) отражают переходный характер процесса казахизации. Отдельно фиксируется расхождение между нормативными источниками и реальной практикой употребления, приводящее к вариантности. Практическая значимость результатов связана с задачами кодификации, лексикографии, стандартизации учебной и клинической документации и пополнения электронного терминологического фонда.

Ключевые слова: национальная терминология, медицинская терминологическая система, процессы казахизации, словообразовательные модели, костно-суставные термины.

Кіріспе

Қазіргі таңда ғылым мен білім саласындағы интеграциялық үдерістер, цифрлық трансформация және жаһандық ғылыми коммуникация талаптары ұлттық ғылыми тілдердің функционалдық әлеуетін жаңаша пайымдауды қажет етеді. Ғылыми білімнің интернационалдануы, көптілді ғылыми кеңістіктің қалыптасуы және цифрлық платформалар арқылы таралуы ұлттық тілдер-

ге, соның ішінде мемлекеттік тілге жаңа функционалдық міндеттер жүктеп отыр. Бұл жағдай ұлттық ғылыми тілдің тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, ғылыми ойды қалыптастырушы, ұғымдық жүйені ұйымдастырушы және мәдени кодты сақтаушы / тасымалдаушы құрал ретіндегі рөлін қайта бағалауға негіз болады.

Терминжүйені ұлттық тілге бейімдеу – мемлекеттік тілдің ғылым мен технология салаларындағы қолданыс аясын кеңейтудің, оның

функционалдық әлеуетін күшейтудің маңызды тетігі. Терминдерді ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына сай қалыптастыру ұғымдық дәлдікті сақтауға, салааралық коммуникацияда бірізділік орнатуға, сондай-ақ тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, бұл үдеріс ұлтқа тән когнитивтік-мәдени кодтың сақталуына және жаңғыруына жағдай жасайды.

Медицина – терминологиялық жүйесі күрделі, құрылымы көпқабатты және әлемдік ғылыми айналымда қатаң стандартталған ғылым салаларының бірі. Халықаралық деңгейде медицина терминологиясы латын тіліне негізделген анатомиялық номенклатуралар мен аурулардың халықаралық жіктемесі арқылы біріздендірілген. Айталық, ICD, SNOMED CT, ATC, MeSH және UMLS әдебиеттерді индекстеу, сондай-ақ аурулар, процедуралар мен дәрілік заттар бойынша деректерді жүйелеу мақсатында қолданылатын негізгі халықаралық ресурстар ретінде қарастырылады (Zalipska, 2020). Дегенмен, әрбір ұлттық тілде бұл терминдердің қабылдануы, бейімделуі және игерілуі әртүрлі сипатта жүзеге асады. Осы себепті медицина терминжүйесін ұлттық тілге бейімдеу тек аударма мәселесімен шектелмей, сөзжасамдық, семантикалық және когнитивтік деңгейлерде кешенді талдауды қажет етеді.

Медициналық терминологияның маңызды міндеттерінің бірі – тұрақты медициналық лексиканы айқындап, оны жағдаяттық лексикадан ажырату, яғни жаһандық медициналық дискурста қолдануға жарамды лексикалық өрістің шекарасын белгілеу (Akbarhadjaeva, 2020).

Медицина терминжүйесінде сүйек-буын атауларына қатысты тілдік бірліктер айрықша орын алады. Сүйек пен буын адам ағзасының тірек-қимыл аппаратының негізін құрайды және олардың атаулары анатомиялық құрылымдарды ғана емес, ауру түрлерін, патологиялық үдерістерді, клиникалық диагноздарды белгілеуде де кеңінен қолданылады. Аурулардың халықаралық жіктемесінде сүйек-буын атаулары кең көлемде қамтылып, қаңқаның барлық бөлімдері жүйелі түрде сипатталады (Аурулардың халықаралық жіктемесі). Алайда қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінде бұл атаулардың жасалу жолдары, уәжділік сипаты мен құрылымдық үлгілері әлі де толық жүйеленіп, типологиялық сипаттамаға ие бола қойған жоқ.

Осыған байланысты медицина терминжүйесіндегі қазақыландыру үдерістерін танытатын сүйек-буын атауларының сөзжасамдық модельдерін

талдау үшін терминдердің жасалу жолдарын анықтау, оларды құрылымдық-модельдік тұрғыдан жүйелеу, сондай-ақ олардың нормативтік және практикалық қолданыстағы ерекшеліктерін көрсету аса маңызды.

Материалдар мен әдістер

Медициналық терминологияны стандарттаудың мақсаты – терминдердің мағынасын жүйелеу және нақтылау, медицина тілінің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ терминдердің оңтайлы тұлғаларын талдау және іріктеу (Researcher, 2020). Зерттеудің материалдың базасын медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларына қатысты көпқабатты дереккөздер жиынтығы құрайды. Материалдарды іріктеу барысында халықаралық, ұлттық және тілдік қолданыстағы деректер кешенді түрде қамтылды. Бұл тәсіл сүйек-буын атауларының сөзжасамдық модельдерін тек нормативтік тұрғыдан ғана емес, нақты тілдік қолданыс аясында да талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі материалы ретінде, ең алдымен, Аурулардың халықаралық жіктемесіндегі деректер алынды. АХЖ жүйесінде берілген сүйек, буын, байлам, шеміршек және омыртқа жүйесіне қатысты атаулар медицина терминжүйесінің халықаралық деңгейде стандартталған қабатын құрайды. Аталған жіктемеде сүйек-буын жүйесіне қатысты атаулар қаңқаның барлық құрылымдық деңгейлерін қамти отырып, иерархиялық қағидат бойынша жүйеленген. Бұл деректер сөзжасамдық модельдерді анықтауда базалық салыстыру нүктесі ретінде пайдаланылды.

Екінші дереккөздер тобына Қазақстан Республикасындағы уәкілетті терминологиялық органдар бекіткен ресми терминдер, соның ішінде Терминком шешімдерімен бекітілген медициналық атаулар енгізілді (Termincom.kz). Бұл материалдар сүйек-буын атауларының нормативтік мәртебесін, олардың ресми қолданыстағы нұсқаларын және қазақыландыру үдерісінің институционалдық деңгейін айқындауға мүмкіндік берді. Терминком деректері арқылы халықаралық атаулардың қазақ тіліне қалай бейімделгені, қандай сөзжасамдық модельдерге басымдық берілгені анықталды.

Үшінші дереккөздер тобын қазақ тіліндегі медициналық терминологиялық сөздіктер құрайды. Бұл сөздіктер сүйек-буын атауларының лексикологиялық тіркелуін, варианттарылық сипатын және тарихи қалыптасу жолдарын көрсе-

ту тұрғысынан маңызды. Сөздіктер материалдары арқылы бір ұғымға қатысты бірнеше атаудың қатар қолданылуы, олардың құрылымдық айырмашылықтары мен сөзжасамдық ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар сөздіктердегі дефинициялар терминдердің семантикалық көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу

Медициналық терминжүйе – ашық лексикалық қабат, тілдің жалпы заңдылықтарына бағынатын, динамикалық құрылым.

Қазақ тіл білімінде терминология мәселесі XX ғасырдың басынан бастап өзекті ғылыми бағыттардың бірі ретінде қалыптасты. Терминжасам теориясында терминнің тілдік табиғаты, оның сөзжасамдық мүмкіндіктері мен ұлттық тіл жүйесімен байланысы басты назарда болды.

Медициналық терминологияны зерттеуге арналған еңбектерде халықаралық терминдерді игеру, калькалау, балама жасау, бейімдеу мәселелері кеңінен қарастырылды.

Алайда сүйек-буын жүйесіне қатысты терминдер көбіне анатомиялық немесе клиникалық тұрғыдан сипатталып, олардың тілдік құрылымы мен сөзжасамдық модельдері арнайы нысан ретінде жүйелі зерттелмеді. Халықаралық аурулардың жіктелуіне негізделген лингвистикалық талдаулардың аздығы бұл бағыттағы зерттеулердің өзектілігін арттыра түседі. Бұл үшін, ең алдымен, қазақ терминологиясының теориялық іргелі тұжырымдарын, терминжасам принциптерін басшылыққа алу маңызды.

Қазақ терминжасамының төмендегідей қағидаттары салалық терминдерді, оның ішінде медицина терминжүйесін реттеуде назарға алынуы тиіс (1-кесте):

1-кесте – Қазақ терминжасамындағы маңызды қағидаттар

Ө. Қайдар ұсынған терминжасам қағидаттары	Ш. Құрманбайұлы ұсынған терминжасам қағидаттары
1. Мемлекеттік тіл тірегі – терминологияға мемлекеттік қамқорлық жасау. 2. Терминжасам ісінде көрініс беріп жатқан бұқаралық үрдістің жақсы үлгілерін орнықтыру. 3. Байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану. 4. Туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосу. 5. Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу. 6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау. 7. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру. 8. Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау. 9. Лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану. 10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық-сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру. 11. Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу (Айдарбек, 2017).	1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану. 2. Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау: 1) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау; 2) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау (Айдарбек, 2017).

Белгілі тілші-ғалым, терминолог Қ. Айдарбек «қазақ тіл білімінде жаңа қолданыстардың пайда болу, жасалу, қалыптасу заңдылықтарын зерттеуді термин шығармашылығы мен терминжасам мәселелерінен бөліп қарастыру мүмкін емес» (Айдарбек, 2017) деп жазады.

Қазақ тіл білімінде терминжасам мен сөзжасамның арақатынасы терминология теориясының өзекті әрі іргелі мәселелерінің бірі ретінде орныққан. Терминдердің жасалу тетігі жалпы сөзжасам жүйесіне негізделетіні туралы ғылыми дәстүрде кең таралғанымен, терминжасамның

өзіндік ерекшеліктері де бар екені тұрақты айтылып келеді. Біріншіден, термин жасау – жалпы тілдік номинацияның арнайы салға бейімделген нұсқасы; екіншіден, терминжасам үдерісі ұғымдық дәлдікке, дефинициялық сәйкестікке және салалық нормалауға тәуелді; үшіншіден, терминжасам халықаралық стандарттармен (классификациялар, номенклатуралар, ғылым тілінің интернационалдық қабаты) тікелей байланыста жүреді. Осы себепті терминжасам тәсілдерін талдауда сөзжасам теориясының даму логикасын және терминология іліміндегі кодификация, нормалау, калькалау, қысқарту сияқты арнайы құбылыстарды бірге қарастыру қажет.

Сөзжасам тәсілдерінің теориялық негіздері қазақ тіл білімінде кезең-кезеңмен қалыптасты, жетілді, ғылыми терминдер мен жіктемелер бірте-бірте орнықты. Ұлт Ұстазы А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» осы эволюциясының бастауында тұрады (Байтұрсынұлы, 2009). Ахмет Байтұрсынұлы сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдері деген терминдерді арнайы қолданбағанымен, ол сөзжасамның практикалық негізін құрайтын ұғымдарды – жұрнақ, туынды сөз, қос сөз, зат есімнен / сын есімнен, етістіктен туған сөздер, туынды етістік жұрнақтарды жүйелі түрде сипаттады. Бұл еңбектер сөзжасамның негізгі категорияларын айқындаумен қатар, кейінгі жұрнақ теориясы, туынды сөздер жүйесі және сөз таптарының ғылыми мәнін айқындауға тірек болды.

А. Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты ең маңызды ұстанымдарының бірі – ғылыми термин жасауда қазақ тілінің байырғы лексикалық қорына сүйену қағидасы. Ол қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы ғылыми ұғымдарды дәл атауға болатынын дәйектеп, оны теориялық тұрғыдан негіздеді, тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Бұл қазіргі қазақыландыру үдерісінде жиі қайталанатын «ұлттық тіл – ұлттық термин» қағидасының тарихи-теориялық өзегі.

Кейінгі кезеңде сөзжасам мәселелері оқу әдебиеттерінде біртіндеп айқындала бастады. Н. Сауранбаевтың 1953 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» оқулығының «Зат есімнің жасалуы», «Сын есімдердің жасалуы», «Етістіктің жасалуы» деп аталатын тарауларында сөз таптарының сөзжасамы қарастырылған (Сауранбаев, 1953). Еңбекте сөзжасам жұрнақ арқылы туынды сөздің жасалуымен байланысты түсіндіріліп, морфологиялық тәсіл жетекші рөл атқарды.

1960 жылы жарияланған Ғ. Әбухановтың «Қазақ тілі» оқулығында сөзжасамдық тәсілдер-

дің нақты жіктемесі берілмегенмен, ғалым мәселеге жеке назар аударған (Әбуханов, 1960).

Сөзжасамдық тәсілдерді ғылыми тұрғыдан негіздеу 1964 жылы жарық көрген Ахмеди Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» оқулығымен байланысты. Ғалым алғаш рет қазақ тілтанымында морфологиялық (синтетикалық) және синтаксистік (аналитикалық) тәсілдерді ажыратып, морфологиялық тәсілді түбірге / туынды түбірге қосымшалар жалғау арқылы жаңа сөз жасау деп, ал синтаксистік тәсілді түбір (немесе туынды) сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы сөз жасау деп нақты анықтайды (Ысқақов, 1964). Бұл жіктеме 1967 жылы басылып шыққан «Қазақ тілінің грамматикасында» да берілген. Алайда А. Ысқақовтың 1974 жылғы оқулығында үшінші тәсіл – морфологиялық-синтаксистік сөзжасамдық тәсіл де қосылған. Алайда бұл тәсіл тілдік фактілер арқылы нақты негізделмеді (Ысқақов, 1974).

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам саласында орныққан модельдер – синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деп аталатын ғылыми монографияда толық дәйектелді (Сөзжасам, 1989). Еңбекте сөзжасамдық тәсілдер алғаш рет жүйеленді және ғылыми сипаттамасы берілген, атап айтқанда: а) синтетикалық тәсілдің құрамындағы бірліктер (түбір морфема, сөзжасамдық жұрнақ) модельдер, типтер, жұрнақтардың қызметі мен мағынасы; ә) аналитикалық тәсілдің көне әрі өнімді тәсіл екені, оның түркі тілдеріндегі белсенділігі; б) қазақ тіліндегі аналитикалық тәсілдің ішкі тармақтары – біріккен сөз, қос сөз, тіркес, қысқарған сөз; в) лексика-семантикалық тәсілдің жаңа мағына тудыру, омонимия қатарын толықтыру, сөз табына көшу үдерістерімен байланысы дәлелді түрде сипатталған. Осы еңбекпен байланысты үш тәсіл ғылыми айналымда орнығып, кейінгі зерттеулер мен оқулықтарда тұрақты түрде қарастырылып келеді. Бұл туралы зерттеуші К.С. Алдашева былай деп жазады: «1989 жылы академик Н. Оралбаеваның басшылығымен жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деп аталатын еңбек қазақ тіл біліміндегі сөзжасам бағытын қалыптастырып, кейінгі іргелі зерттеулерге жол ашты» (Алдашева, 2022: 92; Оралбаева, 2001).

2002 жылы көпшілікке ұсынылған «Қазақ грамматикасында» сөзжасам теориясы мазмұндық-функционалдық тұрғыдан одан әрі тереңдетіліп, толықтырылды. Бұл іргелі еңбекте сөз

бен туынды сөздің мағыналық байланысы, сөзжасамдық жұрнақтардың лексикалық мағына тудыратын және лексикалық мағынаны түрлендіретін қызметі, жұрнақтардың сөз таптарына қатысы сияқты мәселелер нақтыланды (Қазақ грамматикасы, 2002). Аналитикалық тәсілдердің түрлері мен дамуы, қысқарту құбылысының тілдің жүйедегі орны айқындалды. Лексика-семантикалық тәсілде сөздің дыбыстық және морфемдік құрамын сақтай отырып, жаңа мағынаға ие болуы, туынды сөздің сөз табын сақтауы немесе ауыстыруы мүмкін екені, сөз табына көшудің ішкі заңдылықтары дәлелденді. Демек, сөзжасамдық тәсілдер туралы тұжырымдарды қамтитын сөзжасам теориясы қазақ тіл білімінде 1989-2002 жылдар аралығында толыққанды жүйеленіп, қазақ терминжасамы үшін берік әдіснамалық негізді қалыптастырды.

Терминжасамның жалпы сөзжасам заңдылықтарына бағынатыны туралы пікір көптеген еңбектерде, зерттеулерде орныққанымен, терминжасамда жалпы тілдік тәсілдермен қатар өзіндік амалдардың да бар екені айтылады. Бұл ретте терминологиялық бірлік «сөз» ретінде тіл заңдылықтарын сақтайды, бірақ «термин» ретінде сала ішіндегі ұғымдық жүйенің талабына бағынып, дефинициялық дәлдікті, халықаралық сөйкестікті, нормативтік бірізділікті қажет етеді.

Сөзжасам жүйесі – кез келген тілдің жаңа зат, бұйым, ұғым атауларын берудегі төл әлеуеті, кірме сөздерді игеруде қарсы тұратын «иммунитеті», тіл эволюциясы мен дамуының басты көрсеткіші (Алдашева, 2022: 92). Динамикалық жүйе ретінде терминологиялық қор үшін сөзжасамның маңыздылығын ғалым А. Салқынбайдың мына тұжырымы дәлелдей түседі: «тілдің даму желісінде сөзжасамдық үдеріс арқылы туынды сөздің жасалуы ең негізгі фактор ретінде танылады» (Салқынбай 2020: 294).

Осы мәселелерді жүйелі көтерген терминолог-ғалым – академик Өмірзақ Айтбаев. Ғалым терминжасамды *семантикалық, морфологиялық, синтаксистік* тәсілдермен қатар *калькалау* және *қысқарту (аббревиациялау)* амалдарын арнайы атап, оларды терминтанымдық тұрғыдан талдады. Ө. Айтбаев семантикалық тәсілді терминологиялық қабатты байытатын негізгі амалдардың бірі ретінде бағалап, бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің көбіне қысқа-нұсқа болатынын көрсетеді. Сонымен қатар ол калькалау тәсіліне арнайы тоқталып, жай аудармадан калькалаудың айырмашылығын көрсетеді: калькалау кезінде тек мағына ғана емес, терминнің мағы-

налық-құрылымдық қалыбы да сақталатынын айтады. Бұл қағида халықаралық номенклатурадан, классификациялардан алынатын көпкомпонентті терминдерді ұлттық тілге бейімдеуде, әсіресе медицина саласында ерекше мәнге ие (Айтбаев, 2007).

Терминжасам тәсілдерін арнайы жүйелеген еңбектердің ішінде академик Ш. Құрманбайұлының зерттеулері әдіснамалық тұрғыдан маңызды. Ғалым терминқорды қалыптастыратын көздерді және терминжасам тәсілдерін жүйелеп, *синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік), терминдену (лексика-семантикалық), калькалау* тәсілдерін нақтылайды. Сонымен бірге кеңестік кезеңде дайын терминдерді қабылдау саясатының салдары ретінде терминқордың 70-80 пайызының орыс тілі арқылы қалыптасқанын атап көрсетуі қазіргі қазақыландыру үдерістерінің тарихи негіздерін және бүгінгі нормалау қажеттілігін түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тұжырым қазіргі кезеңдегі терминологиялық жоспарлау (терминдерді қайта қарау, балама ұсыну, біріздендіру, кодификациялау) бағыттарының өзектілігін күшейтеді (Құрманбайұлы, 2005).

Термин ұғымы тек «сөз» аясында ғана емес, ғылыми коммуникацияда «таңбалық жүйе» ретінде кең шеңберде қарастырылуы тиіс. Әсіресе медицина саласында қысқарған атаулардың, латынша таңбалардың, халықаралық белгілердің (кодтар, индекстер) қолданылуы тұрақты болғандықтан, терминологиялық жүйені зерттегенде таңбаның табиғатын ескеру қажет.

Аталған терминжасам үшін маңызды сөзжасамдық модельдер медицина терминжүйесін, соның ішінде сүйек-буын атауларын зерттеуде ерекше маңызды. Өйткені, біріншіден, медицина терминологиясы халықаралық стандарттауға (жіктемелер, номенклатуралар) тәуелді. Осыған байланысты калькалау, интернационалдық компоненттер, көпкомпонентті атаулар кең таралған. Екіншіден, медицина тілі дәлдікті талап етеді. Анатомиялық нысаналардың орналасуы, құрылымы, қызметі атаудың ішінде көрініс табуы керек. Мұнда аналитикалық тәсілдің (тіркестіру, біріктіру) өнімді болуы заңды. Үшіншіден, ұлттық тілдік нормалау мен кодификация (Терминком шешімдері, нормативті сөздіктер, оқулықтар, анықтамалықтар) медицина терминдерінің әркелкі қолданысын реттеудің басты тетігі ретінде алға шығады. Бұл тұста академик Ө. Айтбаевтың калькалаудың мағыналық және мағыналық-құрылымдық типтерін ажырату сүйек-

буын атауларын қазақыландыруды қолданылатын стратегияларды нақты сипаттауға мүмкіндік берсе, Ш. Құрманбайұлы ұсынған *терминдену, калькалау, аналитикалық / синтетикалық* тәсілдер сүйек-буын терминдерінің жасалу жолдарын типологиялауда әдіснамалық іргетас ретінде қызмет атқарады.

Әлемдік тіл білімінде салалық терминдердің сөзжасамдық модельдерін талдауға арналған зерттеулер бар. Мәселен, Е. Кулакованың «Morphological Word-Formation in French Economic Terminology» деп аталатын мақаласы француз тіліндегі экономикалық терминжүйенің қолданысын, соның ішінде синтетикалық және аналитикалық-морфологиялық сөзжасамның ерекшеліктерін, олардың өнімділік деңгейін талдауға арналған. Автор зерттеудің нысанына қатысты былай дейді: «Дәл қазіргі уақытта экономикалық терминологияны талдауда ерекше өзекті, өйткені экономика адам өмірінің барлық сегментіне ықпал етеді және экономикадағы өзгерістер тілден, оның лексикасынан, көрініс табады және прагматикалық сұранысқа ие» (Kulakova, 2021: 189).

Шетелдік тілтанымда медицина терминжүйесін зерттеуші P. Chmielewski былай деп жазады: Ғылымда және медицинада терминология – белгілі бір пән саласында жалпы қабылданған дәл терминдер жүйесі. Анатомияда белгілі бір ережелер мен қағидаттарға сәйкес реттелген, ресми түрде қабылданған терминдер жиынтығы болып табылатын номенклатураны терминологиядан ажыратудың маңызы ерекше. *Terminologia Anatomica* (1998) анатомиялық терминология саласындағы «алтын стандарт» ретінде танылады, дегенмен онда ұсақ қателер, дәлсіздіктер, сәйкессіздіктер, терминдердің көбейіп кетуі, қолайсыз терминдер, сондай-ақ синонимдер мен әртүрлі құрылымдарға бірдей атаудың берілуі секілді мәселелер кездеседі. Бұл проблемалардың барлығы болашақта шешілуі тиіс және аталған міндет саладағы негізгі сын-қатерлердің бірі болып саналады. Екінші ірі сын-қатер — білім беру мен клиникалық тәжірибеде қолданылатын барлық атауларды қамтитын, дүниежүзілік деңгейде қабылданатын анатомиялық терминдердің анық, дәл, логикалық және мінсіз тізбесін жасау. Көптеген зерттеушілер мен клиницистер бұл міндет әлі де алдағы кезеңнің еншісінде екенін атап көрсетеді. ... Анатомиялық терминология дұрыс қолданылған жағдайда, сала ішіндегі де, сала сыртындағы да коммуникацияның базалық құралы болып табылады; сонымен қатар ол адам

анатомиясының күрделі қырларын түсінуде бағыт-бағдар беретін жүйе ретінде қызмет етеді (Chmielewski, 2022).

Медицина терминжүйесінде сүйек-буынға қатысты атаулардың бір бөлігі байырғы қазақ сөздерімен, ұлттық атаулармен, енді бір бөлігі халықаралық негіздермен, яғни латын-грек тіліндегі компоненттермен, тағы бір бөлігі калькалаумен және бір бөлігі гибрид үлгімен жасалған. Мұның өзі терминжасамның тек «сөз тудыру» емес, ұғымдық жүйені реттеу, бір атауды нормаға түсіру, вариант / жарыспалы қатарларды саралау сияқты терминологиялық саясатпен ұштасатынын дәлелдейді. Демек, сүйек-буын атауларының сөзжасамдық модельдерін талдау – қазақ тіл білімінің сөзжасам теориясының және терминология саласының түйіскен тұсындағы өзекті мәселе.

Осы тұрғыдан әдебиеттерге жасалған шолулар қазақ тіл білімінде сөзжасам теориясының терең қалыптасқанын, терминжасамдағы сөзжасамдық модельдер жөнінде де маңызды іргелі тұжырымдар бар екенін көрсетті. Алайда жекелеген салалық терминдердің сөзжасамдық модельдеріне арналған арнайы зерттеулердің қатары аз. Әсіресе медицина терминжүйесіндегі сөзжасамдық модельдердің өнімділігі, уәжділігі, құрылымдық типологиясы, нормалау тетіктері толық кешенді сипатталмаған. Медицина терминдеріне қатысты бұл мәселенің күрделі болуы халықаралық жіктемелер мен номенклатуралар ұлттық тілге әртүрлі жолмен енуімен байланысты, нақтырақ айтқанда, калька, транслитерация, аударма, гибридтену, қысқарту сияқты тәсілдер қатар жүреді, нәтижесінде бір ұғымның бірнеше нұсқада қолданылуы жиі байқалады.

Нәтижелер мен талқылау

Тұтастай алғанда, ұлттық тілдердегі терминологияның қалыптасуы, орнығуы және даму мүмкіндіктеріне қатысты ғылыми талдау жасау тілтанымның тұрақты әрі өзекті зерттеу нысаны ретінде орнықты. Әсіресе, салалық терминжүйелердің дамуын бағалау тіл эволюциясының жалпы заңдылықтарын анықтауда тиімді эмпирикалық база ұсынады.

Жүргізілген талдау нәтижелері медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының сөзжасамдық тұрғыдан біркелкі емес, бірақ жүйелі модельдер арқылы қалыптасатынын көрсетті. Аурулардың халықаралық жіктемесі, Терминком бекіткен атаулар, нормативті және

терминологиялық сөздіктер мен тілдік қолданыстар материалдарын салыстыру сүйек-буын атауларының бірнеше негізгі сөзжасамдық модельдер арқылы жасалатындығын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл модельдер халықаралық стандарттар мен ұлттық тілдік нормалардың өзара ықпалдасуының нәтижесі ретінде қалыптасқан.

Сүйектер туралы ғылым саласы – остеология; адам денесіндегі буынды және буын ауруларын зерттейтін медицина салалары – артрология, синдесмология. Осы анатомиялық бағыттар сүйек-буын жүйесіне ұғымдық шекарасын айқындап, медицина терминжүйесіндегі атаулардың семантикалық дәлдігін және номинациялық уәжін нақтылауға мүмкіндік береді.

Қазақтың дәстүрлі анатомиялық лексикасы, соның ішінде сүйек-буын атауларын сөзжасамдық тұрғыдан екі ірі қабатқа топтастыруға болады:

1. Негізгі түбір атаулар – морфемдік тұрғыдан бөлшектенуі қиын, байырғы атаулар: *омыртқа, қабырға, жауырын, бұғана, шынтак, тобық, өкше, бел, сан, иық* және т.б.;

2. Туынды / күрделі атаулар – аналитикалық тіркес, бірікке сөз, қосымшалар арқылы жасалған бірліктер: *бас сүйек, асық жілік, шыбық сүйек, тоқпан жілік* және т.б.

Дәстүрлі атаулардан байқалғаны, сөзжасамдық тұрғыдан аналитикалық модель өнімді сипатқа ие.

Аналитикалық сөзжасамдық модельдердің басымдығы. Медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының басым бөлігі аналитикалық сөзжасамдық модель негізінде жасалады. Сондықтан да сөзжасамдық модельдің осы түрін медицина терминжүйесі үшін, оның ішінде сүйек-буын атауларына байланысты терминдерді жасаудың ең өнімді жолы ретінде тануға болады.

Аналитикалық модель бірнеше дербес лексеманың тіркесуі арқылы жасалады. Сөзжасамдық тұрғыдан анықтауыш + анықталуы құрылымы көп жағдайда тұрақты болады. Құрылымдық формуласын былайша жинақтауға болады: *орналасу / сан / анатомиялық белгі + негізгі атау*. Сүйек-буын қатысты терминдерді құрайтын омыртқа, қабырға, аяқ-қол сүйектері мен буындар атауларының көпшілігін аналитикалық тәсілмен жасалған.

Демек, аналитикалық модель терминнің бірнеше компоненттен тұрып, әр компоненттің белгілі бір семантикалық жүктемені атқаруымен си-

патталады. Мәселен, *бірінші мойын омыртқасы, екінші кеуде омыртқасы, бесінші бел омыртқасы* тәрізді атауларда сандық анықтауыш анатомиялық иерархияны нақтылап, негізгі атауыш компонент (омыртқа) жалпы ұғымды білдіреді. Мұндай құрылым АХЖ-дегі жүйелеу қағидатымен толық сәйкес келеді және медициналық дәлдікті қамтамасыз етеді.

Аналитикалық модельдің тағы бір ерекшелігі – анатомиялық орналасу мен функционалдық белгілердің тіркесуі арқылы берілуі. *Темперомандибулярлық буын, атлантоаксиалды буын, сакроилиялық буын* сияқты атауларда буынның орналасу орны мен қатысушы сүйектердің атауы бір сөзжасамдық құрылымда тоғысады. Бұл модель терминнің ақпараттық сыйымдылығын арттырып, бір атаудың өзінде бірнеше семантикалық параметрді қамтуға мүмкіндік береді.

Терминком бекіткен атауларда да аналитикалық модельдің басымдығы байқалады. Бұл ұлттық терминологияны қалыптастыруда халықаралық стандарттарды сақтай отырып, ұғымдық дәлдікті жоғалтпауға бағытталған үрдістің бар екенін көрсетеді.

Терминжасам тұрғысынан аналитикалық модельдің сүйек-буын атауларын жасаудағы кемшілігі – атаулардың ұзықтығы және ауызша қолданыста ықшамдалу үрдісі.

Медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының тағы бір тобы – калькалық сөзжасамдық модельдер арқылы жасалған бірліктер. Бұл модельдер халықаралық (негізінен латын және орыс тілдері арқылы қалыптасқан) терминдердің құрылымын сақтай отырып, қазақ тіліне сөзбе-сөз немесе құрылымдық тұрғыдан бейімдеп аудару арқылы жасалған.

АХЖ материалдарында кездесетін *атлантооципитальды буын, паттеллофеморальды буын, костовертебральды буын* сияқты атаулар – калькалық модельдің айқын көрінісі. Мұндай халықаралық терминнің ішкі құрылымы қазақ тілінің сөз тіркесі үлгісіне көшіріледі, алайда бастапқы семантикалық қаңқа толық сақталады.

Калькалық модельдердің негізгі ерекшелігі – халықаралық ғылыми айналымдағы сәйкестікті қамтамасыз етуі. Дәрігерлер мен зерттеушілер үшін бұл атаулардың интернационалдық түсініктілігі жоғары. Алайда тілдік талдау бұл модельдердің кейбір жағдайда қазақ тілінің табиғи сөзжасам үлгілерінен алшақ екенін көрсетеді. Осыған байланысты калькалық атаулар ұлттық тілдік норма тұрғысынан қайта қарауды және біріздендіруді қажет етеді.

Синтетикалық модельдердің шектеулі сипаты. Синтетикалық немесе морфологиялық сөзжасамдық модельдер сүйек-буын атауларында шектеулі көлемде қолданылады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жрнақтар арқылы жаңа атаулар жасауға бай болғанымен, медицина терминжүйесінде бұл мүмкіндік толық жүзеге асырылмайтындығын байқауға болады.

Синтетикалық модельдер көбінесе аналитикалық құрылымның құрамында қосымша элемент ретінде ғана қызмет атқарады. Күрделі анатомиялық нысандарды бір ғана морфологиялық форма арқылы атау ұғымдық дәлдікті төмендетуі мүмкін.

Сонымен қатар синтетикалық модельдердің аз қолданылуы медицина терминологиясының халықаралық стандартқа тәуелділігімен байланысты. Бұл ұлттық тілдік сөзжасамдық әлеуетін толық пайдалануға белгілі бір деңгейде шектеу қояды.

Гибрид сөзжасамдық модельдер. Гибрид сөзжасамдық модельдердің медицина терминжүйесінде елеулі орын алатындығы байқалады. Бұл модельдер халықаралық терминдік негіз бен қазақ тілінің сөзжасам элементтерінің бір құрылымда қатар қолданылуымен сипатталады. Мысалы, феморальды бас, перифериялық қаңқа, интерметатарсальды буын сияқты атауларда халықаралық түбір сақталып, оған қазақ тілінің синтетикалық немесе сөзжасамдық элементтері жалғанады. Мұндай құрылымдар қазақыландыру үдерісінің өтпелі сипатын көрсетеді.

Гибрид модельдер бір жағынан халықаралық терминологиялық жүйемен байланыс сақтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан ұлттық тілдік элементтердің енуін қамтамасыз етеді. Дегенмен бұл модельдердің ұзақ мерзімді перспективада тұрақты нормаға айналуы немесе толық ұлттық баламалармен алмастырылуы арнайы ғылыми сараптаманы талап етеді.

Нормативтік және тілдік қолданыс арасындағы ашақтық / варианттылық. Қазақ тілінің медицина саласындағы қолданысынан байқалатын жайт – Аурулардың халықаралық жіктемесі, Терминком бекіткен атаулар және нақты тілдік қолданыс арасында біршама айырмашылықтар бар. Кейбір атаулар нормативтік дереккөздерде бекітілгенімен, оқу құралдары мен клиникалық мәтіндерде баламалы немесе ықшам нұсқаларда қолданылады. Бұл жағдай сүйек-буын атауларының сөзжасамдық модельдерін жүйелеудің практикалық маңызын көрсетеді. Терминологиялық бірізділіктің болмауы

ғылыми коммуникацияда түсінбеушілікке алып келуі мүмкін.

Ұлттық терминологияның қалыптасуы әрқашан екі күштің түйіскен жерінде жүзеге асады: бір жағынан, ғылым тілінің халықаралық стандарттылығы (ұғымның тұрақтылығы, номенклатура бірізділігі, ортақ кәсіби коммуникация), екінші жағынан, ұлттық тілдің табиғи ішкі заңдылығы (уәжлеме, түсініктілік, нормалану, тілдік эстетика). Сүйек-буын атаулары осы тоғысуды айқын көрсететін өріс: анатомиялық құрылымдар нақты, иерархиясы күрделі, ал атаудағы бір ғана компоненттің өзгеруі ұғымды дәл беруге тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл сегменттегі қазақыландыру үдерісін талдау тек атаулардың «аудармасы» емес, ең алдымен номинацияның дәлдігі, уәждің айқындылығы, стандарттау әлеуеті тұрғысынан маңызды.

Жоғарыда аталған сүйек-буын атауларының дәстүрлі қабаты – тілдің ең тұрақты, морфемдік тұрғыдан бөлшектенуі қиын, тарихи қалыптасқан бірліктері. Бұл атаулардың құндылығы – олардың қазақ тіліндегі жоғары танымалдылық пен қысқалық қасиетінде. Алайда дәл осы қысқалық кейде ғылыми жүйелеуге келгенде жеткіліксіз болуы мүмкін. Медицинада атау көбіне тек «заттың атын» емес, оның орналасуын, қосалқы бөлшектерін, қызметтік / морфологиялық белгісі, кейде иерархиялық деңгейін де көрсетуі тиіс.

Осы қажеттіліктерден туындайтын жаңа атаулар мен нақтылауыш компоненттер дәстүрлі қабатқа «қосымша қабат» ретінде кірігеді. Нәтижесінде сүйек-буын терминдерінің едәуір бөлігінде құрылымдық күрделену (қос компонент, үш компонент, анықтауыштар тізбегі) байқалады. Мұны бір жағынан терминнің дәлділігін арттыратын оң құбылыс деуге болады, екінші жағынан, нормалау барысында ықшамдау мен біріздендіру мәселесін алға шығарады.

Талдау нәтижелері көрсеткен негізгі заңдылықтардың бірі – сүйек-буын атауларын жасауда аналитикалық модельдердің айқын басымдылығы. Бұл бірнеше дербес лексеманың тіркеуі арқылы жасалып, әр компоненттің өзіндік семантикалық жүк көтеруі. Медицинада дәл осы тәсіл жиі «ыңғайлы» болады, себебі күрделі ұғымды қысқа морфемаға сыйғызудан гөрі, компоненттер арқылы ашық көрсеткен тиімді, өйткені терминнің ішкі формасы тіл иесіне «жинақтап» береді.

Аналитикалық үлгілердің өнімділігін бірнеше себептермен түсіндіруге болады:

- біріншіден, олар аналитикалық жүйедегі иерархиялық қатынас табиғи сипатқа ие. Мысалы, бассүйек, сан сүйегі, жамбас сүйегі сияқты атауларда базалық тірек сөз – сүйек – сақталып, нақтылауыш компонент арқылы қатыстылық белгісі қосылады. Мұндай құрылымдар ұғымды оқытуда да, кәсіби коммуникацияда да түсінікті;

- екіншіден, аналитикалық тәсіл локативтік және бағыттық сипаттарды айқын жеткізеді. Мәселен, *алдыңғы / артқы, ішкі / сыртқы, жоғарғы / төменгі, жанама* сияқты компоненттер қосылғанда, термин бірден бірнеше параметрді қамтиды. Сүйек-буын атауларында дәл осы локативтік нақтылау көп жағдайда міндетті, өйткені бір сүйектің өзінде бірнеше бет, өсінді, ойық, байланысатын нүкте болуы мүмкін;

- үшіншіден, бұл модель «қатысушы сүйектер» арқылы нақтылауға қолайлы. Буын атауларында екі (кейде одан да көп) сүйектің аты қатар келіп, олардың байланысын көрсетеді. Мұндай құрылым клиникалық тұрғыдан өте маңызды: диагнозда немесе сипаттамада қай сүйек қай сүйекпен байланысатыны анық болуы керек. Сондықтан аналитикалық жол буын терминдеріне «табиғи түрде» сұранып тұрады.

Дегенмен аналитикалық модельдің бір тәуекел аймағы бар: атаулар ұзарған сайын, ауызша практикада қысқару немесе балама вариантқа көшу жиілейді. Нақтырақ айтқанда, бір жағынан дәлдік өссе, екінші жағынан коммуникативтік үнем іске қосылып, варианттылық көбейеді. Бұл құбылысты «кәте» деп қарау дұрыс емес, өйткені бұл – терминжүйенің «тірі» дамуының белгісі. Бірақ дәл осы тұста кодификацияны модельдік өлшемдермен реттеу қажет болады.

Сүйек-буын атауларына тән тағы бір сөзжасамдық модель – кальканың белсенділігі. Калькалау халықаралық терминнің семантикалық-құрылымдық қаңқасын сақтай отырып, оны ұлттық тілдің элементтерімен беру арқылы жасалады. Мұндай атаулар көбінесе «халықаралық танымалдылықты» қамтамасыз етеді, себебі медицинада әріптестер арасында ортақ түсіністік үшін терминнің «танылатыны» болуы маңызды.

Дегенмен калькаға сүйенген үлгілерде екі түрлі нәтиже қатар жүреді:

- әрі ұғымның халықаралық кеңістіктегі сәйкестігі сақталып, кәсіби ортада түсіну жеңілдейді;

- әрі тілдік табиғилық кей тұстарда әлсіреп, құрылым қазақ тілінің қалыпты сөзтіркесім логикасына толық үйлесе бермеуі мүмкін немесе бір ұғымға екі түрлі калькалық шешім қатар жүруі ықтимал.

Сондықтан калькалық шешімдерді бағалағанда тек «аударылды / аударылмады» өлшемі жеткіліксіз, ең маңыздысы – кальканың уәждемелік айқындылығы және нормативке жарамдылығы. Егер калька ұғымды дәл беріп, компоненттері түсінікті және қазақ тілінің тіркесім заңдылығына қайшы келмесе, ол стандарттауға лайық тәсілге айналады. Ал егер атау тым ауыр, жасанды немесе қолданыста тұрақсыз болса, оны аналитикалық ұлттық үлгімен қайта құру қажет болуы мүмкін.

Талдау барысында синтетикалық (аффиксацияға сүйенетін) модельдердің сүйек-буын атауларында салыстырмалы шектеулі екені көрінеді. Өйткені анатомиялық ұғымдар көп жағдайда нақты нысан мен қатынасты білдіреді, ал мұндай қатынастарды қазақ тілінде бір ғана жұрнаққа сыйдыру қиын, керісінше, бірнеше компонент арқылы ашық көрсету әлдеқайда дәл.

Синтетикалық элементтер көбіне аналитикалық құрылымның құрамында «қызметші» рөл атқарады, атап айтқанда, терминнің семантикасын толықтыра отырып, негізгі ақпаратты түгел өзі көтермейді. Бұл жерге синтетикалық тәсілдің әлсіздігі емес, медицина терминологиясының стандартқа тәуелділігі және дәлдікке деген жоғары талап әсер етіп отырғанын атап өткен жөн. Яғни синтетикалық үлгілер болмағаннан емес, олардың «таза» түрде өнімді болуына медицинадағы атау беру табиғаты мүмкіндік бермейді.

Сондай-ақ сүйек-буын атауларында гибрид модельдердің кездесуі – қазақыландыру динамикасын танытатын маңызды белгі. Гибридтер көбіне халықаралық компонент пен қазақ тіліндегі төл элементтің бір құрылымда қатар жүруінен пайда болады. Мұндай бірліктер екі міндет атқарады, біріншісі – халықаралық ғылыми кеңістікпен байланысты сақтайды; екіншісі – ұлттық тілдің нормасына бейімделу қадамы жасалады. Алайда гибрид құрылымдардың табиғаты «өтпелі» сипатқа ие болғандықтан, олар ұзақ мерзімде екі міндеттің біріне қарай ығысады, яғни толық ұлттық үлгіге көшеді немесе халықаралық нұсқа қайта жақындайды. Осылайша гибрид модельдерді стандарттаудағы басты мәселе – олардың қайсысы тұрақты қолданысқа ие болып, бекітуге лайық екенін модельдік және қолданыстық дәлелмен анықтау.

Осылайша, сүйек-буын атауларын талдау медицина терминжүйесіндегі қазақыландыру үдерісінің тек лексикалық деңгейде емес, атаудың уәждемелік және нормативтік деңгейлерде жү-

ретінін дәлелдейді. Аналитикалық модельдердің басымдығы – ұғымды дәл беруге ұмтылыстың көрінісі; калька – халықаралық сәйкестікті сақтайтын арна; синтетикалық элементтердің шектеулі болуы – дәлдікке негізделген терминжасам табиғатының салдары; ал гибридтер – өтпелі кезеңнің индикаторы. Бұл қорытындылар ұлттық медициналық терминқорды стандарттау, салалық сөздіктерді толықтыру және электронды кодификациялау жұмысын жүйелеуге негіз бола алады.

Қорытынды

Медицина терминжүйесі кез келген тілдің, әсіресе ұлттық тілдердің лексикалық жүйесінде айрықша орын алады. Термин – дәстүрлі тұрғыдан белгілі бір қызмет саласының ұғымдық ерекшеліктерін бейнелейтін, стильдік тұрғыдан ғылыми сипаты басым, номинативтік тілдік бірлік. Мұндай бірліктердің реттелген жиынтығы нақты бір саладағы терминжүйені құрайды. Медицина терминжүйесі құрылымы жағынан күрделі, себебі «медицина» ұғымы бір ғана саламен шектелмейді, анатомия, физиология, патология, фармакология, хирургия, диагностика сияқты көптеген ішкі бағыттарды біріктіретін көпқабатты ғылымдар кешенін қамтиды. Осыған байланысты бағыттың өзіндік атаулары, ұғымдық иерархиясы мен категориялық жүйесі қалыптасады. Бұған қоса терминдер «ағза – ауру – ем» деңгейінде ғана емес, зерттеу әдістері, клиникалық процедуралар, аппараттық-технологиялық атаулар, дәрілік заттардың халықаралық номенклатурасы, жіктелулер сияқты жүйелермен өзара байланысып, терминдердің синонимиясы,

көпмағыналылығы, қысқартулар және кірме атаулардың үлесін арттырады. Сондықтан медицина терминжүйесі үнемі жаңарып отыратын, ішкі салалары өзара тоғысқан әрі тілдік кодификациялар мен лексикографиялауды талап ететін динамикалық, көпдеңгейлі құрылым ретінде сипатталады.

Медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларына қатысты терминдер – функционалды лексема. Сүйек-буын атаулары жалпыұлттық тілдің лексикалық жүйесіне тән қасиеттерді сақтай отырып (мағыналық уәждеме, ішкі форма, сөзжасамдық өнімділік, нормалану), арнайы коммуникацияның қажеттіліктерді өтейді. Сондықтан да олардың сөзжасамдық модельдерін зерттеу теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды. Нақтырақ айтқанда, теориялық тұрғыдан медициналық терминологиядағы атаудың уәжділігі, атаудың принциптері, терминнің құрылымдық-семантикалық типтері, терминжасамның өнімді үлгілері мен жүйелік байланыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Ал практикалық тұрғыдан қазақыландыру үдерісінде бірізді балама ұсыну, терминдерді кодификациялау, оқу-әдістемелік құралдар мен клиникалық құжаттама тілін стандарттау, салалық сөздіктерді жасау және электронды терминқорларды толықтыру сияқты қолданбалы міндеттерді шешуге негіз болады.

Демек, сүйек-буын атауларының сөзжасамдық модельдерін жүйелі талдау медициналық дискурстағы дәлдік пен нормалалықты күшейтіп қана қоймай, ұлттық терминологиялық саясаттың тиімділігін арттыратын ғылыми-әдістемелік арқау ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер

- Zalipska, I. (2020). Contemporary medical terminology: the problem of the thematic classification. *Studia Linguistica*. Vol. 17, P. 61-74. DOI: 10.17721/studling2020.17.61-74.
- Akbarkhadjaeva, F. (2020). The nature of medical terminology. *Theoretical & Applied Science*. Vol. 86, P. 432-434. DOI: 10.15863/tas.2020.06.86.80
- АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы. (2025). [Электронды ресурс]. URL: <https://icd.who.int/browse/2025-01/mms/kk> (Пайдаланылған күні: 23.04.2025)
- Researcher, F. (2020). Medical terminology as a complex term system [Медицинская терминология как сложная термино-система]. *Philology matters*. DOI: 10.36078/987654440
- Termincom.kz. (n.d.). [Электронды ресурс]. URL: <http://www.termincom.kz> (Пайдаланылған күні: 23.04.2025)
- Айдарбек, Қ. (2017). Қазіргі терминжасам ісіндегі терминологиялық норма мәселелері [Электрондық ресурс]. URL: <https://termincom.kz/articles/?id=40> (Пайдаланылған күні: 29.09.2025)
- Байтұрсынұлы, А. (2009). Тіл-құрал. «Сардар».
- Сауранбаев, Н. (1953). Қазақ тілі: педучилищелерге арналған. Алматы.
- Абуханов, Г. (1960). Қазақ тілі: педучилищелерге арналған оқулық. Алматы.
- Ысқаков, А. (1964). Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Мектеп.

- Ысқақов, А. (1974). Қазақ тілі. Морфология. Мектеп.
 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. (1989). Ғылым.
 Оралбай, Н. (2001). Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы.
 Алдашева, К. С. (2022). Тіл синергетикасы және лексикалық жаңалықтар: монография. ЖК «Жылдам полиграфия орталығы».
 Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. (2002). Астана.
 Салқынбай, А. Б. (2020). Қазақ тілі: сөздік құрам. Сөзжасам: оқу құралы. Қазақ университеті.
 Айтбаев, Ө. (2007). Қазақ тіл білімінің мәселелері. Арыс.
 Құрманбайұлы, Ш. (2005). Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Сөздік-Словарь.
 Kulakova, E. (2021). Morphological Word-Formation in French Economic Terminology. In E.V. Toropova, E. F. Zhukova, S. A. Malenko, T. L. Kaminskaya, N. V. Salonikov, V. I. Makarov, A. V. Batulina, M. V. Zvyaglova, O. A. Fikhtner, & A. M. Grinev (Eds.), *Man, Society, Communication. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. Vol. 108, P. 188-194. European Publisher. DOI: 10.15405/epsbs.2021.05.02.23
 Chmielewski, P. (2022). Anatomical and medical terminology: new challenges and perspectives. *Medical Journal of Cell Biology*. Vol. 10, P. 102-107. DOI: 10.2478/acb-2022-0016

References

- Abukhanov, G. (1960). Qazaq tili: peduchilishchelerge arналған oqulyq [Kazakh language: textbook for teacher training colleges]. Almaty. (In Kazakh)
 AHZh-11 ölim men syrqattanuşylyq statistikasy. (2025). [ICD-11 mortality and morbidity statistics. (2025). [Electronic resource]. URL: <https://icd.who.int/browse/2025-01/mms/kk> (Date of use: 23.04.2025). (In Kazakh)
 Aidarbek, Q. (2017). Qazirgi terminzhasam isindegi terminologiyalyq norma maseleleri [Issues of terminological norm in contemporary term formation]. [Electronic Resource]. URL: <https://termincom.kz/articles/?id=40> (Date of use: 29.09.2025) (In Kazakh).
 Aitbaev, O. (2007). Qazaq til biliminiń maseleleri [Issues of Kazakh linguistics]. Almaty. Arys. (In Kazakh)
 Akbarkhadjaeva, F. (2020). The nature of medical terminology. *Theoretical & Applied Science*. Vol. 86, P. 432-434. DOI: 10.15863/tas.2020.06.86.80
 Aldasheva, K.S. (2022). Til sinergetikasy zhane leksikalyq zhanalyqtar: monografiya [Language synergetics and lexical innovations: monograph]. Almaty. ZhK “Zhyldam poligrafiya ortalygy”. (In Kazakh).
 Baitursynuly, A. (2009). Til-qural [Language tool]. Almaty: “Sardar”. (In Kazakh)
 Chmielewski, P. (2022). Anatomical and medical terminology: new challenges and perspectives. *Medical Journal of Cell Biology*. Vol. 10, P. 102-107. DOI: 10.2478/acb-2022-0016
 Kulakova, E. (2021). Morphological Word-Formation in French Economic Terminology. In E.V. Toropova, E. F. Zhukova, S. A. Malenko, T. L. Kaminskaya, N. V. Salonikov, V. I. Makarov, A. V. Batulina, M. V. Zvyaglova, O. A. Fikhtner, & A. M. Grinev (Eds.), *Man, Society, Communication. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. Vol. 108, P. 188-194. European Publisher. DOI: 10.15405/epsbs.2021.05.02.23
 Oralbay, N. (2001). Qazaq tilinin sozzhasamy [Word formation of the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
 Qazaq grammatikasy: Fonetika, sozzhasam, morfologiya, sintaksis (2002). [Kazakh grammar: phonetics, word formation, morphology, syntax]. Astana. (In Kazakh)
 Qazirgi qazaq tilinin sozzhasam zhuyesi [Word-formation system of the modern Kazakh language]. (1989). Almaty. Gylm. (In Kazakh)
 Qurmanbaiuly, Sh. (2005). Terminqor qalyptastyru końderi men terminzhasam tasil’deri [Sources of termbase formation and term-formation methods]. Almaty. Sozdik-Slovar’. (In Kazakh)
 Researcher, F. (2020). Medical terminology as a complex term system [Медицинская терминология как сложная термино-система]. *Philology matters*. DOI: 10.36078/987654440
 Salqynbai, A.B. (2020). Qazaq tili: sozdik quram. Sozzhasam: oqu quraly [Kazakh language: vocabulary. Word formation: учебное пособие]. Almaty. Qazaq universiteti. (In Kazakh)
 Sauranbaev, N. (1953). Qazaq tili: peduchilishchelerge arналған [Kazakh language: for teacher training colleges]. Almaty. (In Kazakh)
 Termincom.kz. [Electronic resource]. URL: <http://www.termincom.kz> (Paydalanyлған kúni: 23.08.2025). [Termincom.kz. [Electronic resource]. URL: <http://www.termincom.kz> (Date of use: 23.04.2025). (In Kazakh)
 Ysqaqov, A. (1964). Qazirgi qazaq tili. Morfologiya [Modern Kazakh language. Morphology]. Almaty. Mektep. (In Kazakh)
 Ysqaqov, A. (1974). Qazaq tili. Morfologiya [Kazakh language. Morphology]. Almaty. Mektep. (In Kazakh)
 Zalipska, I. (2020). Contemporary medical terminology: the problem of the thematic classification. *Studia Linguistica*. Vol. 17, P. 61-74. DOI: 10.17721/studling2020.17.61-74.

Авторлар туралы мәлімет:

Есполова Жанар Еркінқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: zhanee@mail.ru);

Жүніс Майра – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: zhunismaira@gmail.com);

Есимсейтов Бауыржан Рахымжанович – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Тұран-Астана» университеті (Қазақстан, Астана, e-mail: 571-70-33@mail.ru);

Жартыбаев Асылбек – филология ғылымдарының докторы, “Bolashaq” Академиясының профессоры (Қазақстан, Қарағанды, e-mail: asylbek@gmail.com).

Information about the authors:

Yespolova Zhanar (corresponding author) – PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhanee@mail.ru);

Zhunis Mayra – Candidate of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhunismaira@gmail.com);

Yessimseitov Baurzhan – Candidate of Philology Science, Associated Professor, Turan-Astana University (Kazakhstan, Astana, e-mail: 571-70-33@mail.ru);

Zhartybayev Asylbek – Doctor of Philological Sciences, Professor at the Bolashaq Academy (Kazakhstan, Karaganda, e-mail: asylbek@gmail.com).

Сведения об авторах:

Есполова Жанар Еркиновна (автор-корреспондент) – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhanee@mail.ru).

Жуни́с Майра – кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: zhunismaira@gmail.com).

Есимсейтов Бауыржан Рахымжанович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Университет «Тұран-Астана» (Астана, Казахстан, e-mail: 571-70-33@mail.ru).

Жартыбаев Асылбек – доктор филологических наук, профессор Академии «Bolashaq» (Қарағанды, Казахстан, e-mail: asylbek@gmail.com).

Келіп түсті: 10 қыркүйек 2025 жыл
Қабылданды: 22 желтоқсан 2025 жыл